

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Абай облысы

№03-19/125

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Ереже және 13.05.2022 ж. № 07-05/16 Бас сенімхат негізінде әрекет ететін "Байкал" филиалының директоры Ворожейкин Анатолий Николаевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Vostok Trade, хабарлама негізінде әрекет ететін Басшысы Кумаров Зият Махмутович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2023-03-24» жыл № 9550596-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 958 900.00 (тоғыз жүз елу сегіз мың тоғыз жүз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);



4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 28 767.00 ((жиырма сегіз мың жеті жүз алпыс жеті тенге нөл тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 28 767.00 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

өлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;



5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) ҚР бейрезиденті - өнім берушімен шарт жасалған жағдайда Өнім беруші тауарға арналған кәдеге жарату алымын төлеу туралы құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті (Тауарлар тізбесі 1-қосымшаға, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 02 қарашадағы № 448 бұйрығына сәйкес.).

12) Карантинге жатқызылған өнім тізбесінде көзделген тауарларды жеткізу кезінде Өнім беруші өсімдіктер карантині туралы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушіге жеткізілетін карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.



Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының



(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

7.10 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында кез келген адамға осы адамның іс-әрекетіне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын басқа да іс-әрекеттер жасамайды.

7.11 Шарт бойынша тараптар арасында туындаған барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда шартты орындаудан туындаған даулар мен наразылықтар Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуі тиіс.

7.12 Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауына байланысты екінші Тараптың жұмыскеріне (жұмыскерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғалғаны туралы ақпарат немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де нақты ақпарат алған кезде), мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа тиісті фактілері көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлауға міндетті және екінші Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алған жоқ немесе болуы мүмкін емес деген растау алғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы.

7.13 Өнім беруші (не Шарт түріне байланысты Тараптың атауы) ҚР ҰЯО РМК <https://www.nnc.kz/ru/anticor> сайтының тиісті бөлімінде орналастырылған ҚР ҰЯО РМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне қатысты құжаттармен танысқанын және осы



құжаттардың мазмұнын толық түсінетіндігін растайды.

7.14 Осы Шартты орындауға байланысты болған сыбайлас жемқорлық бұзушылық анықталған жағдайда, зардап шеккен Тарап осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы, бұл екінші Тарап осы туралы хабарлама алған сәттен бастап Шартты бұзуға әкеп соғады, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

— 9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

— 12.7 Келісім шарт бойынша Төлеуші/Алушы (Жүк Алушы): «Қазақстан Республикасы Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



Энергетикаминистрлігі "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Байкал» филиалы 071100, Абай облысы, Курчатов қ., Тәуелсіздік б. Тел.: 8 (722-51) 7-90-14, 3-34-26. БСН 130441025080 , ЖСК KZ156017261000000241 "Қазақстан Халық Банкі" АҚ БСК HSBKKZKX.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
область Абай, г. Курчатов, БЕЙБИТ АТОМ, 2Б
БСН 990240001722
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ826017261000000005
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8 (722-51) 7-90-14, 3-34-26
"Байкал" филиалының директоры
Ворожейкин Анатолий Николаевич

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):

Vostok Trade
Восточно-Казахстанская область,
г. Семей, Массив Бобровка, 83
БСН/ЖСН 960512350663
БСК CASPKZKA
ЖСК KZ26722S000002049954
"KASPI BANK" АҚ
Тел.: +77029436640
Басшысы Кумаров Зият Махмутович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 9550596-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Ерші-ілініс құрылғысы	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған оң жақ ершікті құрылғысын бекіту кронштейні, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: ершікті құрылғысын автомобиль жақтауына бекітуге арналған тірек бөлігі. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы- беріктігі жоғары болат. Пайдалану сипаттамалары: ершік құрылғысын бекітуге арналған тесіктер саны-10. Техникалық сипаттамалары: есептелген ұзындығы-710 мм. Артикул: 5410-2702182. Сертификат.	Дана	1	29 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (1)	0	29 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежеуіш қалыптың ролик	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған осьпен құрастырылған тежегіш төсемінің ролигі, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: тежегіш төсемді осьпен жылжымалы байланыстыратын өнім. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-болат. Өнімділік сипаттамалары: бөліктің беті мырышталған. Техникалық сипаттамалары: ролик осінің екі жағында арнайы ойықтардың болуы. Роликтің артикулы: 5320-3501109. Ось артикулы: 5320-3501107. Сертификат.	Дана	8	4 500.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (8)	0	36 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қардан білігінің фланеці	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автомобильіне арналған ортаңғы осьтің жетек білігінің ернемегі, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: беріліс қорабын жетек білігіне берік қосуға қызмет ететін бөлік. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-жоғары беріктігі бар легирленген болат. Өнімділік сипаттамалары: ернемек пішіні төртбұрышты. Техникалық сипаттамалары: бекіту тесіктерінің саны-4. Артикул: 5320-2402036. Сертификат.	Дана	1	12 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (1)	0	12 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежегіш жүйесін реттеуші тетік	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. КамАЗ-5410 көлігіне арналған артқы оң жақ тежегіш тұтқасы (жарықшақ), 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: тежегіш камерасынан тежегіш жастықшаларды басқаруға күш моментін беруге және жастықшалардың үйкеліс жастықшалары мен тежегіш барабанының беті арасындағы жұмыс саңылауын реттеуге арналған құрылғы. Босату құлағын орнату бұрышын өзгерту арқылы. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-шойын. Пайдалану сипаттамалары: майқұтымен жабдықталған (пресс-майсауыт) - 1 дана. Техникалық сипаттамалары: беріліс тістерінің саны - 10. Артикул: 5511-3502136. Сертификат.	Дана	2	7 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (2)	0	14 000.00
------------------	---	--------------------------------	---------------------	--	------	---	----------	--	--	------------------------------	---	-----------

2023 қаржылық жыл



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежеуіш қалып	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. КамАЗ-5410 автокөлігіне арналған жапсырмалары бар тежегіш төсем, 1983 ж. ш. Артикул: 53212-3501090. МЕМСТ 32516-2013. Сертификат	Дана	8	9 800.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (8)	0	78 400.00
------------------	---	---------------	---------------------	---	------	---	----------	--	--	------------------------------	---	-----------

2023 қаржылық жыл

24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежегіш жүйесінің энергия аккумуляторы	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. КамАЗ-5410 автокөлігіне арналған тежегіш камерасы және қақпағы бар серіппелі-пневматикалық энергия аккумуляторы, 1983 ж.ш. Түрі: 20/20. Мембрананың жүрісі, мм: 57. Серіппенің жүрісі, мм: 67. Температура аралығы, С: -45-тен +80-ге дейін. Артикул: 100-3519100-10. МЕМСТ 33543-2015. Сертификат.	Дана	2	23 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (2)	0	46 000.00
------------------	---	--	---------------------	--	------	---	-----------	--	--	------------------------------	---	-----------

2023 қаржылық жыл



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Ерші-ілініс құрылғысы	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автомобильіне арналған ершік құрылғысының көлденең тіреуіші, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: ершік құрылғысын автомобиль жақтауына бекітуге арналған тірек бөлігі. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы- беріктігі жоғары болат. Пайдалану сипаттамалары: кронштейндерді бекітуге арналған тесіктер саны-4. Техникалық сипаттамалары: ұзындығы-840 мм. Артикул: 5410-2702101. Сертификат.	Дана	1	32 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (1)	0	32 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Босату құлағы	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған артқы сол жақтағы тежегіш жастықшаларын ашатын құлақ, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: екі құлақпен жабдықталған, тежегіш жастықшаларды тарататын және тежегіш барабанына басатын бөлік. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-беріктігі жоғары болат. Пайдалану сипаттамалары: жұдырықтың жұмыс беті-цементтелген. Техникалық сипаттамалары: жалпы ұзындығы - 218 мм. Артикул: 5320-3502111. Сертификат.	Дана	2	11 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (2)	0	22 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежегіш жүйесінің энергия аккумуляторы	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған оң жақ артқы аккумуляторды бекіту кронштейні, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: аккумуляторды артқы белдікке бекіту үшін қызмет ететін тірек бөлігі. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-болат. Пайдалану сипаттамалары: пресс-майының болуы (майқұты). Техникалық сипаттамалары: аккумуляторға арналған бекіту тесіктерінің саны-2. Артикул: 5511-3502120. Сертификат.	Дана	2	25 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (2)	0	50 000.00
------------------	---	--	---------------------	---	------	---	-----------	--	--	------------------------------	---	-----------

2023 қаржылық жыл

24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шам	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. КамаЗ-5410 автокөлігіне арналған шамдармен (әр шамда 3 дана) құрастырылған артқы (сол+оң) шамдар жинағы, 1983 ж.ш. Жұмыс кернеуі, В: 24. Сол жақ шамның артикулы: 9802.3716-04. Оң жақ шамның артикулы: 9802.3716-08. МЕМСТ 3544-75. Сертификат.	Комплект	1	14 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (1)	0	14 000.00
------------------	---	-----	---------------------	---	----------	---	-----------	--	--	------------------------------	---	-----------

2023 қаржылық жыл



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежегіш жүйесін реттеуші тетік	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. КамАЗ-5410 автокөлігіне арналған тежегіш тұтқасы реттегіш (жарықшақ) артқы сол жақ , 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: тежегіш камерасынан тежегіш жастықшаларды басқаруға күш моментін беруге және жастықшалардың үйкеліс жастықшалары мен тежегіш барабанының беті арасындағы жұмыс саңылауын реттеуге арналған құрылғы. Босату құлағын орнату бұрышын өзгерту арқылы. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-шойын. Пайдалану сипаттамалары: майқұтымен жабдықталған (пресс-майсауыт) - 1 дана. Техникалық сипаттамалары: беріліс тістерінің саны - 10. Артикул: 5511-3502237. Сертификат.	Дана	2	6 500.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (2)	0	13 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Ілініспе дискісі	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. КамАЗ-5410 автокөлігіне арналған ілінісу дискісі, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: қозғалтқыштың айналу моментін беретін және қозғалтқышты барлық басқа беріліс элементтерінен қысқа уақытқа ажыратуға мүмкіндік беретін автомобильдің беріліс элементі. Сапалық сипаттамалары: демпферлік серіппелер жасау материалы - болат. Пайдалану сипаттамасы: оймакілтек есіктер-10 тіс. Техникалық сипаттамалары: күпшектің биіктігі-40 мм; Сыртқы төсемдердің диаметрі-400 мм. Артикул: 238-1601130. Сертификат.	Дана	2	85 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (2)	0	170 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежегіш жүйесінің энергия аккумуляторы	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған артқы аккумуляторды бекіту кронштейні, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: аккумуляторды артқы белдікке бекітуге қызмет ететін тірек бөлігі. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-болат. Пайдалану сипаттамалары: пресс-майының болуы (майқұты). Техникалық сипаттамалары: аккумуляторға арналған бекіту тесіктерінің саны-2. Артикул: 5511-3502121. Сертификат.	Дана	2	25 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (2)	0	50 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қардан білігінің фланеці	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автомобильіне арналған артқы және ортаңғы осьтің жетек білігінің ернемегі, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: беріліс қорабын жетек білігіне берік қосуға қызмет ететін бөлік. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-жоғары беріктігі бар легирленген болат. Өнімділік сипаттамалары: ернемек пішіні төртбұрышты. Техникалық сипаттамалары: бекіту тесіктерінің саны-4. Артикул: 5320-2402036. Сертификат.	Дана	2	14 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (2)	0	28 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Компрессор	өуе, өнімділігі 2 м3/мин	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Шығырмен жинақталған сұйық салқындатқыш ауа компрессоры, КамАЗ-5410 автокөлігі үшін, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: сығылған ауаны автомобильдің пневматикалық жүйесіне айдайтын құрылғы. Сапалық сипаттамалары: корпус жасау материалы-шойын. Пайдалану сипаттамалары: өнімділігі - 320 л/мин. Техникалық сипаттамалары: цилиндрлер саны-2; цилиндр диаметрі-72 мм. Артикул: РК310-3509015. Сертификат.	Дана	1	115 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (1)	0	115 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Тежегіш шлангы	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410, 1983 ж.ш. автомобиліне арналған тежегіш түтік. Функционалдық сипаттамалары: тежегіш жүйесінің тежегіш камераларына қысыммен ауаны беру. Сапалық сипаттамалары: дайындау материалы - резеңке. Пайдалану сипаттамалары: қосылыстар түрі - сомын-келтеқосқыш (M20xM16). Техникалық сипаттамалары: ұзындығы 630 мм. Артикул: 5320-3506060-10. Сертификат.	Дана	20	2 900.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов қ. (20)	0	58 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Босату құлағы	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған артқы оң жақтағы тежегіш жастықшаларын ашатын құлақ, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: екі құлақпен жабдықталған, тежегіш жастықшаларды тарататын және тежегіш барабанына басатын бөлік. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-беріктігі жоғары болат. Пайдалану сипаттамалары: жұдырықтың жұмыс беті-цементтелген. Техникалық сипаттамалары: жалпы ұзындығы - 218 мм Артикул: 5320-3502110. Сертификат.	Дана	2	10 600.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (2)	0	21 200.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Ілініспе дискісі	жүк автомобилі үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған қысымды ілінісу дискісі (себет) 1983 ж.ш.. Функционалдық сипаттамалары: дискінің сермермен өзара әрекеттесуіне жауап беретін құрылғы, яғни іліністі қосу және оны ажырату. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы-шойын. Пайдалану сипаттамалары: 350 л.с. дейінгі қозғалтқыштарға үшін қоса алғанда арналған; диск корпусы-штамталған. Техникалық сипаттамалары: серіппелер саны - 28. Артикул: 238Н-1601090-Б2. Сертификат.	Дана	1	135 000.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (1)	0	135 000.00
2023 қаржылық жыл												



24857599-ОЛ-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Ерші-ілініс құрылғысы	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Байкал. Сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 38-б. 2-т. 3-тм негізінде жүргізіледі. Камаз-5410 автокөлігіне арналған сол жақ ершікті құрылғысын бекіту кронштейні, 1983 ж.ш. Функционалдық сипаттамалары: ершікті құрылғысын автомобиль жақтауына бекітуге арналған тірек бөлігі. Сапалық сипаттамалары: өндіріс материалы- беріктігі жоғары болат. Пайдалану сипаттамалары: ершік құрылғысын бекітуге арналған тесіктер саны-10. Техникалық сипаттамалары: есептелген ұзындығы-710 мм. Артикул: 5410-2702183. Сертификат.	Дана	1	35 300.00	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде	Абай облысы, Курчатов к. (1)	0	35 300.00
------------------	---	-----------------------	--	---	------	---	--------------	--	--	------------------------------	---	--------------



Договор о государственных закупках товаров

область Абай

№03-19/125

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный ядерный центр Республики Казахстан» Министерства энергетики Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор филиала "Байкал" Ворожейкин Анатолий Николаевич, действующий на основании Положения и Генеральной доверенности №07-05/16 от 13.05.2022г, с одной стороны и Vostok Trade, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Кумаров Зият Махмутович, действующий на основании уведомления, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2023-03-24 года № 9550596-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 958 900.00 (девятьсот пятьдесят восемь тысяч девятьсот тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

